

78

«БЕКІТІЛДІ»
ҚР ҒЖБМ «Ұлттық тестілеу орталығы» РМҚК директоры
Р. Емелбаев
« _____ » _____ 2022 ж.

Жаратылыстану-математика бағыты
«Жалпы геология» пәні бойынша оқытудың қысқартылған мерзімін
көздейтін жоғары білім берудің білім беру бағдарламаларына түсушілер үшін
ұлттық бірыңғай тестілеуге арналған
тест спецификациясы

(2023 жылдан бастап қолдану үшін)

1. Тест мақсаты: Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының бітірушілері жоғары оқу орындарында оқуды жалғастыра алу қабілетін анықтау.

2. Тест міндеті: Оқытудың қысқартылған мерзімін көздейтін жоғары білім берудің келесі білім беру бағдарламаларына түсу үшін арналған тест:

В071-Тау-кен ісі және пайдалы қазбаларды өндіру

3. Тест мазмұны:

№	Тақырып	№	Тақырыпша	Оқыту мақсаты
01	Әлемдік кеңістіктегі Жер	01	Ғаламның құрылымы. Күн жүйесінің құрылымы.	-Жер ғаламшары туралы жалпы мәліметтерді біледі.
02	Жер туралы жалпы мәліметтер	02	Жер пішіні және оның өлшемдері.	-Жерге геодезиялық сипаттама береді.
		03	Жердің физикалық қасиеттері.	-Жердің физикалық қасиеттеріне (тығыздық, қысым, температура) және геофизикалық өрістеріне (гравитациялық, магниттілік, электр және радиациялық) сипаттама және түсініктеме береді.
		04	Жер құрылымы	-Жердің құрылысын түсінеді.
03	Жер қыртысы	05	Жер қыртысының құрылымы	-Жердің ішкі қабықтарына сипаттама береді.
		06	Жер қыртысының заттық құрамы. Тау жыныстары. Минералдар.	-Минералдар мен тау жыныстарының топтары мен кластарын ажыратады.

04	Экзогенді геологиялық үрдістер	07	Тау жыныстарының желденуі. Желдің геологиялық әрекеті.	-Желдену агенттерінің геологиялық қызметін біледі.
		08	Жер бетіндегі ағын сулардың геологиялық әрекеті.	-Өзеннің пайда болу кезеңдерін сипаттайды. -Өзендердің эрозиялық белсенділігін сипаттайды.
		09	Жер асты суларының геологиялық әрекеті.	-Тау жыныстарындағы су түрлерін ажыратады. -Жер асты суларының жіктелуін біледі. Жер асты суларының деструктивті белсенділігін сипаттайды.
		10	Мұздықтардың геологиялық әрекеті.	-Мұздықтардың түрлерін ажыратады. -Мұздықтардың деструктивті белсенділігін сипаттайды.
		11	Теңіздердің геологиялық әрекеті.	-Мұхит түбінің құрылымын, сонымен қатар тереңдіктегі және жағалау аймағындағы шөгінділерді біледі. -Ең көп таралған теңіз ағзалары мен өсімдіктерін жіктейді.
		12	Көлдер мен батпақты көлдердің геологиялық әрекеті.	-Көлдер мен батпақтар қызметінің нәтижелерін, құрамын, шөгінділерін сипаттайды. -Көлдер мен батпақтарда түзілетін пайдалы қазбаларды біледі.
		05	Эндогенді геологиялық үрдістер	13
14	Вулканизм			-Жанартаулардың түрлерін сипаттайды, жіктейді.
15	Жер қыртысының қозғалыстары. Жер сілкінісі.			-Жер қыртысындағы қозғалыс түрлері туралы біледі. -Жер сілкінісінің себептерін сипаттайды және жіктелуін біледі.
16	Тектоникалық бұзылымдар			-Тау құбылынамамен қолдануды біледі. -Бұзылулар мен қатпарлардың түрлерін ажыратады.
17	Метаморфизм			-Метаморфизм түрлерін сипаттайды
18	Жер қыртысының			-Материктік және мұхиттық

		негізгі даму заңдылықтары.	қыртыстардың құрылымдық элементтерін ажыратады.
--	--	----------------------------	---

4. Тест мазмұнының сипаттамасы:

Тест «Жалпы геология» пәні бойынша бір дұрыс жауапты таңдауға арналған 20 тест тапсырмаларынан тұрады. Тапсырмалардың мазмұны осы пән бойынша типтік бағдарламада көрсетілген тақырыптарға сәйкес келеді.

Тесттегі тест тапсырмалары базалық, орташа және жоғары деңгей бойынша күрделену ретімен орналасқан.

5. Тесттің бір нұсқасындағы тест тапсырмаларының қиындығы: Тест 3 қиындық деңгейінде берілген тест тапсырмаларынан тұрады: бірінші деңгейде (А) – 25%, екінші деңгейде (В) – 50%, үшінші деңгейде (С) – 25%.

Базалық деңгейдегі тест тапсырмалары қарапайым білім мен дағдыларын пайдалануға, түсушінің ең төменгі дайындық деңгейіне баға беруге, белгілі бір нұсқаулардың көмегімен әрекеттерді орындауға, қарапайым дәлелдер мен ұғымдарды пайдалануға негізделген.

Орташа деңгейдегі тест тапсырмалары негізгі білім мен дағдыларын дұрыс пайдалануға, жаңа жағдайларда қарапайым модельдерді тануға, деректерді талдау мен салыстыруға, жүйелеуге, дәлелдерді қолданып, ақпаратты жалпылау мен қорытынды жасау қабілеттерін бағалауға негізделген.

Жоғары деңгейдегі тест тапсырмалары неғұрлым күрделі білім мен дағдыларын пайдалануды, тапсырмалардың күрделі модельдерін тануды, мәселелерді шешу үшін білім мен дағдыларын біріктіруді, күрделі ақпаратты немесе деректерді талдауды, пайымдауды, тұжырымдарды негіздеуге бағытталған.

6. Тест тапсырмаларының формасы: Бір дұрыс жауапты таңдауға арналған жабық формадағы тест тапсырмалары.

7. Тест тапсырмаларын орындау уақыты: Бір тапсырманы орындаудың орташа ұзақтығы 1,5 – 2 минутты құрайды.

8. Жеке тест тапсырмаларының орындалуын бағалау: тест тапсырмаларының жауаптарын бағалау ҚР БҒМ 2017 жылғы 2 мамырдағы №204 бұйрығымен бекітілген ҰБТ Қағидаларының 19-тармағына сәйкес жүзеге асырылады.

9. Ұсынылатын әдебиеттер тізімі: Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігімен бекітілген «Білім беру ұйымдарында қолдануға рұқсат етілген оқулықтардың, оқу-әдістемелік кешендердің, оқу құралдарының және басқа да қосымша әдебиеттердің, оның ішінде электрондық жеткізгіштердің тізбелері».

1.Тұяқбаев Н., Арыстанов К., Әбішев Б., «Жалпы геология курсы» ҚР Жоғарғы кенесінің баспаханасы, 1993ж., Алматы қ.

«КЕЛІСІЛДІ»

Оқу-әдістемелік
бірлестігінің төрағасы

Адилжанов А.А.

(Т.А.Ә)

09. 2022 ж.



(Handwritten signature)

(Handwritten mark)

(Handwritten mark)